Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	«Пайдалы тағамдар» тақырыбында ата-аналарға кеңес.	Психолог кеңесі. «Балаңыздан қандай өзгерістерді байқадыңыз?» ата-аналармен сұрақ - жауап.	Балалардың ұйықтау режимі туралы әңгімелесу.	Ата-аналар мен балалар бірлесіп балабақша ауласына қардан мүсіндер жасау.	Дәрігер кеңесі Екпені уақытылы алу және аурудың алдын алу үшін екпенің маңыздылығын түсіндіру.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Дидактикалық ойын: «Жақсылық-жамандық» Мақсаты: балаларға жақсы және жаман қылықтарды ажыратуды үйрету	Бейнелеу іс-әрекеті: «Әдемі қыс мезгілі» (Май шам бастырмасы)	Дидактикалық ойын: «Сәйкестендіріп жина» Мақсаты: Доптарды түстеріне сәйкес қораптарға жинай алады	Аз қимылдайтын ойын: «Тымпи» Мақсаты: Балаларды шыдамдылыққа, төзімділікке тәрбиелеу.	Үстел үсті ойыны: "Кесілген суреттерді құрастыру. Мақсаты: Балаларға суреттің жалғасын тауып, қызығушылықтарын арттыру.
Ертеңгілік жаттығу	Ертеңгілік жаттығу №12** Жаттығуға тұрайық Жаттығуды бастайық, Сергітіп бір денені. Оңға-солға мойынды, Бұрайықшы біз былай (Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына нұсқаулық 94бет) 1. Б.қ. екі аяқтың арасы біраз ашылған, екі қол екі жақта. 1-Кеуденің алдында түзу айқастыру-дем шығару; 2-б.қ.- дем алу. Айқасқан қалыпта қолдарды ауыстырып отыру; үстінде бірде бір, бірде екінші қол. 6-8 рет қайталау. 2. Б.қ. аяқтарды алшақ қою, екі қолды төмен түсіру. 1-3- екі қолды жекеге қою, оң, солға бұрылу; 4-б.қ. 4 рет қайталау. 3. Б.қ.; 1- аяқты бүгу, қолдарды оқыс артқа қозғау; 2- б.қ. 4-5 рет қайталау. 4. Б.қ.; екі аяқты бүгіп, қолды артқа тіреп отыру. 1-4-қолдар мен аяқтарды ауыстыра отырып, жамбасты көтеріңкілеп, алға-артқа қозғалу. 3-4 рет қайталау.				
Таңғы ас	Мәдени гигиеналық дағдыларды жетілдіру** Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Д.О.: «Үйшік» ертегісі Мақсаты: Таныс ертегілердің мазмұнын айту. Сахналық қойылымдарға	Қыс туралы тақпақтар айту. «Қар» (Ш. Әлдибекұлы) Ақ мақтадай ұлпа қар	Құрастыру ойыны: «Телефон» Мақсаты: Балаларға телефон бейнесіне «лего»	Д.О.: «Ғажайып пішіндерді орналастыру» Мақсаты: Геомериялық	Д.О.: «Шалқан» ертегісі Мақсаты: Таныс ертегілер мен әңгіме мазмұнын қайталап,

	қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға ынталандыру. Көркем әдебиет	Жамылыпты қырқалар. Қалың-қалың тон киіп, Маужырайды шыршалар. (Мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы нұсқаулығы, 133-бет) Мақсаты: Шағын өлеңдерді мәнерлеп айтуға үйрету. Сөйлеуді дамыту	конструкторларын түсіне сәйкес орналастыру Құрастыру	фигуралар (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) ретімен орналастыру. Математика негіздері	кейіпкердің суреті бойынша тани білуді үйрету. Жағымды-жағымсыз кейіпкерлерді ажырата білуге баулу. Көркем әдебиет
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Музыка М.Жаманбалинов «Қуыршақ» Шығармашылық дағдыларын дамыту ойыны: «Пайдалы күрек» Мақсаты: Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету. Д.О: «Тәулік бөлікте рі» Мақсаты: Тәулік бөлікте рі (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекше ліктері мен реттілік тері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғым дарын кеңейту. Математика негіздері Сөздік ойын.: «Мен бастайын, сен аяқта» Мақсаты: Сөздерді байланыстырып сөйлеуге жаттықтыру. Сөздік қорларын етістіктермен молайту, мағынасына сәйкес етістіктерді таңдау,	Дене тәрбиесі 1.Жалпы дамытушы жаттығулар Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу Кеудеге арналған жаттығулар: Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату Аяққа арналған жаттығулар: Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру 2.Негізгі қимылдар Секіру 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру Лақтыру, домалату,қағып алу допты бір-біріне төмен және бастан асра лақтыру Қимылды ойын: «Ұшақтар»	Қазақ тілі Д\О: «Жаңылтпаш жатаймыз» Мақсаты: Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту жаңылтпаштар айтқызу. Музыка Д.О: «Көзінді жұмып, қолыңмен анықта» Мақсаты: Геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзын дығы,ені, биіктігі, қалың дығы бойынша тең) Математика негіздері	Дене тәрбиесі 1.Жалпы дамытушы жаттығулар Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу Кеудеге арналған жаттығулар: Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату Аяққа арналған жаттығулар: Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру 2.Негізгі қимылдар Секіру 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру Лақтыру, домалату,қағып алу допты бір-біріне төмен және бастан асра	Дене тәрбиесі 1.Жалпы дамытушы жаттығулар Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу Кеудеге арналған жаттығулар: Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату Аяққа арналған жаттығулар: Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру 2.Негізгі қимылдар Жүру бағытты және қарқынды өзгертіп жүру Тепе-теңдікті сақтау қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру Қимылды ойын:

	әңгімелеу.	Мақсаты: Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету Д.О: «Геометриялық пішіндер» М\ы: Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш), атай білуге үйрету,геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы дамыту. Математика негіздері Д\О: «Ертегілер әлемі» М\ы: Таныс ертегілер мен әңгімелердің мазмұнын қайталап айтады. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға ынталандыру. Көркем әдебиет Шығармашылық дағдыларын дамыту ойыны: «Күн саулесі» Мақсаты: Ермексаздан, басу әдістерін қолдану білуге дамыту Мүсіндеу		лақтыру Қимылды ойын: «Қояндар мен қасқыр» Мақсаты: Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету Д\О: «Сынарып тап» Мақсаты: Берілген қолғап түсіне сәйкес қылқаламмен бояуға үйрету. Бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу қызығушылықты дамыту. Сурет салу «Сүйікті ертегілер» үстел үсті ойыны М\ы:Ертегінің мазмұнын түсіне отырып қабылдауға, және реттілігін бұзбай айтуға баулу. Көркем әдебиет Шығармашылық дағдыларын дамыту ойыны: «Ақшақар» Мақсаты:Шығармашылық қиялды дамыту. Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Жапсыру	«Қояндар мен қасқыр» Мақсаты: Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету Д.О: «Тапсырманы орында» Мақсаты: 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту.Теңдік және теңсіздік ұғымын қалыптастыру Математика негіздері Д.О: «Бұл қай кезде болады?» Мақсаты: Балаларды сурет арқылы әңгіме айтуға үйрету, затты суретті өз бетінше қарап сипаттауға баулу Сөйлеуді дамыту «Қызықты қыс мезгілі» М\ы: Балаларды суреттерді қылқаламмен бояуға үйрету. Сурет салу
Серуенге дайындық	Серуен кезінде тәртіп	Ауа райы туралы	Ауа-райына байланысты	Серуен кезіндегі қауіп	Балалардың киіну кезін

	сақтау	әңгемелесу	киіну	сіздік туралы айту	де бір-біріне көмектесуі
Серуен	Картотека № 2	Картотека № 6	Картотека № 1	Картотека № 15	Картотека № 9
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру.	Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету.	Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау.	Қыстап қалатын құстар туралы әңгімелесу.	Серуенге дайындық кезінде балалар өзіне қызмет көрсетуге дағдыландыру.
Түскі ас	«Дән»*** Жерде жатқан дәнді Атам жаймен келеді Беті ашық тұрған Бос жәшікке салды Дәнді қалай білген Азық іздеп жүрген (Ж. Әбдіреев) (Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасына нұсқаулық 127-бет) Мақсаты: Анық сөйлей білуді дамыту.	«Тәтті алма?»*** ертегісін оқу. (Мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы нұсқаулығы, 174-бет Мақсаты: Ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтып беруге үйрету.	«Құрт»*** Қатты құртты жейміз «Дәмі қышқыл» дейміз Салма артық күшінді Сындырасың тісінді (Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасына нұсқаулық 137-бет) Мақсаты: Шағын тапқакты мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға баулу.	Даналық әліппесі *** «Бабалар батасы» №12 Бастарына бақ берсін Не берсе де нақ берсін Қырда жүрген қызырлар Үйлеріне ап келсін! Әумин! Мақсаты: Қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.	«Нан, бауырсақ, шәй?» *** (Мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы нұсқаулығы, 128-бет) Мақсаты: Анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.
Түскі ұйқы	М.Жаманбапинов «Қуыршақ»**** Жуын, жуын, жуынсақ Қандай жақсы қуыршақ! Өйтпегенде, бөпешім Кірлеп кеткен екенсің Қазір аппақ боласың Қуанады анашың (Мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы нұсқаулығы, 107-бет) Мақсаты: Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдау	А. Шаяхмет «Әр бояудың мәні бар»**** Жоқ санамда ой бөтен, Бояуларды сөйлетем. Қалай сурет салуды Бауырыма үйретем. Әр бояудың мәні бар, Жарасымды сәні бар. Кемпірқосақ келбетін, Бояулардан танып ал. (Мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы нұсқаулығы, 108-бет) Мақсаты: Әуенді таза айтуға үйрету.	Ө.Әбдінұров «Бесік жыры»**** Мақсаты: Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету.	Ф.Оңғарсынова «Мен бақшаға барамын»**** Мен бақшаға барамын, Ойнаймын, ән саламын. Тәрбиеші апайлар, Досы барлық баланың (Мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы нұсқаулығы, 105-бет) Мақсаты: Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдау.	Ө. Табылды «Бөбегіме»**** Құлдыр-құлдыр, бөбегім, Қуанышқа бөледің. Ал мін, бөпем, арқама, Атың болып желемін. «Шабандозбын» деп сен де, Мен «шапқанда» сескенбе... Бірақ әке мойнына Мініп алма өскенде. Еңбек еттік құлшынып. Өрік, алма, Алмұрт, алуа Жеміс салды құлпырып. (Мектепке дейінгі тәрбие

					және оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы нұсқаулығы, 112-бет) Мақсаты: Өн айту дағдыларын дамытуға ықпал ету.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Сауықтыру шынықтыру шаралары** Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю.				
Бесін ас	Ас туралы мақал –мәтел «Ас иесімен тәтті тағамымен жақсы»	«Кезекшімін мен бүгін асханада» Ө.Ақылбеков жаттау.	Ырым ,тыйым сөздер Нанды бір қолмен үзуге болмайды. Тамақ үстінен аттатмайды.	Ас ісшу тәртібі : Ауызында тамақ тұрғанда сөйлемейді.	Дастархан басындағы дәстүрлер: Қуыс үйден құр шықпа.
Балалардың дербес әрекеті(аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқалар	Шығармашылық дағдыларын дамыту ойыны: «Түлкінін азығы». Мақсаты: Ермексازдан балық бейнесін мүсіндеу кезінде қысу, тарту, басу әдістерін қолдануға үйрету. Мүсіндеу Зерттеу іс-әрекетін дамыту ойыны: «Әдемі ою-өрнектер» Мақсаты: Қағаздан композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша кілемшені құрастыру. Құрастыру	Шығармашылық дағдыларын дамыту ойыны: «Қыс мезгілі» Мақсаты: Балалардың бояулармен, қылқаламмен сурет салу техникасын жетілдіру. Сурет салу Зерттеу іс-әрекетін дамыту ойыны: «Көпір» Мақсаты: «Лего» конструкторлардан машина құрастыруға үйрету. Құрастыру	Шығармашылық дағдыларын дамыту ойыны: «Әдемі қалпақ ». Мақсаты: Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыландыру Жапсыру Шығармашылық дағдыларын дамыту ойыны: «Шаңғы» Мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Заттарды бояуда сызбалардан шықпай бояуды үйрету. Сурет салу	Зерттеу іс-әрекетін дамыту ойыны: «Қысқы пейзаждардың сұлулығы» Мақсаты: Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру . Құрастыру Д\О:«Әдемі сандық» Мақсаты: Затты суретті өз бетінше қарап сипаттау арқылы, ұлттық тұрмыстық заттар мен қолдану маңыздылығын түсіндіру Сөйлеуді дамыту	Танымдық ойын: «Терек» Мақсаты: Конструкторлардың түрлерімен таныстыру. Құрастыру Шығармашылық дағдыларын дамыту ойыны: «Әдемі моншақ» Мақсаты: Әртүрлі ермексازдан моншақтың бейнесін мүсіндеу. Дайын үшбұрыш пішінді пайдалану. Мүсіндеу

Балалармен жеке жұмыс	Физикалық қасиеттерді дамыту Спорттық ойындардың ережелерін сақтауға үйрету	Коммуникативтік дағдыларды дамыту. Бейнелеген суреттер мен заттар (бұйымдар) бойынша әңгімелер құрастырады:	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту Екі затты ұзындығын, енін және биіктігін, жуандығын бойынша салыстыруды үйрету:	Балалардың шығармашылық дағдыларын, зертеу іс-әре бейнелейтін заттарды көріп, қолмен ұстап зерттеуге дағдыландыру.	Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру Жолда жүру ережелерін, қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениетін сақтау ережелерін үйрету.
Серуенге дайындық	Ауа райы туралы сөйлесу.	«Тату болып ойнаңдар» (достық қарым-қатынас)	«Серуен кезінде» (тазалық туралы әңгіме)	Жыл мезгіліне сай киімдер кию туралы	Серуенге шығар кезінде шағын әңгіме жүргізу
Серуен	Картотека № 2	Картотека № 6	Картотека № 1	Картотека № 15	Картотека № 9
Серуеннен оралу	Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету.	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру.	Ұқыптылық туралы айтып, оларды өз киімдеріне ұқыптылықпен қарауға үйрету.	Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау	Тіл ұстарту жаттығулары санамақтар қайталау т.б.
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың үйге қайтуы	«Балаңызды бақшаға мезгілге орай қалай киіндіру керек» әңгіме	Балалардың еркін ойындары. Өз беттерінше ойындар ұйымдастыра білу.	Балалардың еркін ойындары. Өз беттерінше ойындар ұйымдастыра білу	Ата аналарға кеңес «Бүгін балабақшада нендей қызықтар болды». Өз баласын әңгімеге тартуы.

Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Ақ тиін»шағын орталығы

Тобы: ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: 24.02 – 28.02.2025ж

Ақпан айы

Құндылық – Жасампаздық және жаңашылдық айы

Дәйек сөз: «Жаңашылдық - заман талабы»

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 24.02.2025ж.	Сейсенбі 25.02.2025ж.	Сәрсенбі 26.02.2025ж.	Бейсенбі 27. 02.2025ж	Жұма 28.02.2025ж.
------------------------------	--	--	--	--	------------------------------------

Балаларды қабылдау	«Менің демалыс күнім» Мақсаты: Әңгімелей білуге , өз ойларын жеткізе білуге дағдыландыру.	«Досынды тауып ал» Мақсаты: Достық қарым қатынасқа тәрбиелеу, есте сақтау қабілеттерін дамыту.	« Сәлем-сөздің анасы» Ойын жаттығулары: «Сәлемдесу» тақырыбында ақыл-кеңестер. Алдымыздан кезіккен, Көп танысты көреміз, Бәріне де ізетпен Біздер сәлем береміз.	«Мейірімділік туралы ойлайық» Мақсаты: Ұжымда тілектестік қарым-қатынасқа тәрбиелеу.	Достық эстафетасы арқылы қарсы алу «Амансың ба, достарым!» Мақсаты:Балалардың бір-біріне жақсы көңіл күй сыйлауға үйрету.
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен балалардың денсаулығы, күнделікті үй-жайындағы күн тәртібін сақтау.	Балаларға дәрумендердің пайдасы жөнінде кеңес беру.	Жыл мезгілдеріне арналған киім түрлері туралы кеңестер.	Дәрігер кеңесі Екпені уақытылы алу және аурудың алдын алу үшін екпенің маңыздылығын түсіндіру.	Ата-аналар мен балалар бірлесіп балабақша ауласына қардан мүсіндер жасау.
Балалардың дербес Әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	«Менде доп жоқ» Мақсаты: достармен бөлісу керек деген моральдық қағиданың мағынасын ашу.	«Батыл бол!» Мақсаты: Өзара көмекке тәрбиелеу; балаларды қиындықтарды, қорқынышты еңсеруге үйрену керек екендігін және құрдастарының епсіздігіне күлуге болмайтынын түсіндіру: досына қорқынышын жеңуге көмектесуге шақыру.	«Машина» өлеңі Ә.Табылдиевтың Машинамын - көлікпін, Мамандарға көніктім. Үйренген соң білімді Білерсіңдер тілімді. Мақсаты: Тақпақтарды, санамақтарды, өлеңдерді мәнерлеп, жатқа айтады; Көркем әдебиет	Үстел үсті ойыны: "Кесілген суреттерді құрастыру Мақсаты: Балалардың логикалық ойлау қабілетін дамыту.	Еркін ойын: «Ұшты-ұшты» Мақсаты: Балаларды құстарды дұрыс ажыратуға үйрету, ойлау қабілеттерін дамыту.
Ертеңгілік жаттығу	Ертеңгілік жаттығу №12 ** Жаттығуға тұрайық Ал, балақай, тұр енді, Түзу ұста дененді. Көтеріп басты қарашы, Оңға-солға, жоғары (Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына нұсқаулық 94бет) 1. Тәрбиешінің белгісін тыңдап, саппен шеңбер бойымен жүреді. Жүруді жеңіл жүгірумен алмастыру. а) аяқтың ұшымен жүру. ә) өкшемен жүру. б) аяқтың сыртымен жүру. в) аяқтың ішімен жүру.				

	г)қоян болып секіру. 2.Б.қ: аяғымыз түзу,қолымызда сылдырмақ,дене бойымен төмен. Орындалуы: Қолымызды жоғары көтереміз,сылдырмақты сылдырлатып,төмен түсіреміз.Қолымызды түсірер кезде «сылдыр-сылдыр»дейміз. 3.«Көршіңе көрсет» ойыны: Б.қ: Аяғымыз алшақ, қолымыз сылдырмақпен кеуде тұсында. Орындалуы: Жанымызға бұрылып,қолымыз түзу, сылдырмақты сылдырлатып, «сылдыр-сылдыр» деп бастапқы қалыпқа оралу. Қайталау: 3-рет әр жаққа. 4.«Шарлар» ойыны: Б.қ: Арқаға жатып, сылдырмақ жоғары жақта. Орындалуы: Қолымызды ішімізге әкеліп, тізімізді бүгу «шар сияқты домалақ боламыз» б.қ оралу. Тыныс алу жаттығулары: «Қаздар» ойыны: Б.қ: Аяғымыз алшақ,қолымыз белімізде. Орындалуы: Алдыға қарай еңкейеміз,дыбыс шығару «ш-ш-ш»,түзу тұрамыз. Демімізді алып,аузымыздан шығарамыз. «Ағаш жарамыз» ойыны: Аяқ алшақ, екі қолды алдыға сермеп, «уф-уф-уф» дыбыс шығару. «Кубикпенен жаттығу»				
Таңғы ас	Мәдени гигиеналық дағдыларды жетілдіру** Майлықты дұрыс қолдануға үйрету				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Қызыл телпек» ертегісі Мақсаты: Ертегіні тыңдай біледі және реттілігін сақтап айта алады. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға ынталандыру Көркем әдебиет	Қыстап қалған құстарға қамқорлық көрсету, құстар туралы тақпақ жаттау. «Ұя» Ұя жасап тақтайдан, Талға апарып байладым. Жыл құсының шаттанған, Күттім қашан сайрауын. (Қ Баянбаев) Мақсаты: Шағын өлеңдерді мәнерлеп айтуға үйрету. Сөйлеуді дамыту	Құрастыру ойыны: «Бөлшектерді орнына орналастыру» Мақсаты: Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынтыландыру. Құрастыру	Д.О.:« Тәулік бөліктері» Мақсаты: Тәулік бөліктері (таң ертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. Математика негіздері	Д.О.: «Бұл қандай құс?» Мақсаты: Құстардың суреті бойынша тани білуді үйрету, оларды ажырата білуге баулу. Көркем әдебиет
Білім беру ұйымының кестесі бойынша	Музыка Шығармашылық дағдыларын дамыту ойыны:	Дене тәрбиесі 1.Жалпы дамытушы жаттығулар Қол және иық белдеуіне	Қазақ тілі Д\О: «Сиқырлы қапшық» М\ы: Затты суретті өз бетінше	Дене тәрбиесі 1.Жалпы дамытушы жаттығулар	Дене тәрбиесі 1.Жалпы дамытушы жаттығулар

ұйымдастырылған іс-әрекет	«Аяз ата бізде қонақта» Мақсаты: Балаларды суреттерді қылқаламмен үлгіге қарап суретті шығармай бояуға үйрету. Сурет салу Д.О: «Қайсы үлкендеу?» Мақсаты: Заттың пішіні мен көлеміне назар аудара отырып, санамай-ақ салыстыру сын-сипатын байқау және атау. Математика негіздері Біздің отбасы Әкем – менің қауыншы, Апам – менің сауыншы, Ағам – менің егінші, Жеңгем – менің тігінші. Атам болса, ол ұста, Бәрі – бәрі жұмыста. Отырмаймын мен текке. Кеттім мен де мектепке. (А.Сопыбеков) (Мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы нұсқаулығы, 132-бет) Мақсаты: Отбасы туралы тақпақтарды анық айтуға үйрету. Музыка Шығармашылық дағдыларын дамыту ойыны: «Аяз ата бізде қонақта» Мақсаты: Балаларды суреттерді қылқаламмен үлгіге қарап суретті	арналған жаттығулар: Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу Кеудеге арналған жаттығулар: Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату Аяққа арналған жаттығулар: Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру 2.Негізгі қимылдар Еңбектеу өрмелеу табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу Секіру 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру Қимылды ойын: «Қояндар мен қасқыр» Мақсаты: Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету Д.О: «Заттарды сана» Мақсаты: 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беру, көк өністер санымен сандарды тауып	қарап сипаттау арқылы, заттарды ажырата білу, атауын дұрыс анық айту, дағдыларын қалыптастыру, дыбыстау мәдениетіне тәрбиелеу. Сөйлеуді дамыту Д.О.: «Қандай пішін жоқ» М\ы: Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу. Математика негіздері	Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу Кеудеге арналған жаттығулар: Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату Аяққа арналған жаттығулар: Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру 2.Негізгі қимылдар Еңбектеу өрмелеу табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу Секіру 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру Қимылды ойын: «Қояндар мен қасқыр» Мақсаты: Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету «Әдемі қолғап» М\ы: Балаларды қолғап пішінін суреттерді қылқаламмен бояуға үйрету. Сурет салу	Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу Кеудеге арналған жаттығулар: Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату Аяққа арналған жаттығулар: Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру 2.Негізгі қимылдар Лақтыру, домалату, қағып алу допты бір-біріне төмен және бастан асра лақтыру Сапқа тұру бағыт бойынша түзелу Қимылды ойын: «Қояндар мен қасқыр» Мақсаты: Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету Д\О: «Көршісін тап» Мақсаты: 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту. Сандарды реті бойынша атауға және көршісін атауға үйрету Математика негіздері Д\О: «Суретшінің қатесін тап?» Мақсаты: Бейнелеу арқылы сюжеттік
---	--	---	---	--	---

	шығармай бояуға үйрету. Сурет салу	қою, ойын арқылы көкөністер түрлері туралы білімдерін бекіту. Математика негіздері «Көктем» Көктем қырға төрледі, Төрт түлік мал төлдеді. Бәйшешектер құлпырып, Деп тұрғандай: «Көр мені!» Мақсаты: Тақпақтарды, анық мәнерлеп айтуға үйрету. Көркем әдебиет Шығармашылық дағдыларын дамыту ойыны: «Жоғалған доп» Мақсаты: Ермексаздан доп жасауды үйрету, кескішті қолдаа білуге дамыту Мүсіндеу		«Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі М\ы: Ертегінің мазмұнын түсіне отырып қабылдауға, және реттілігін бұзбай айтуға баулу. Көркем әдебиет Шығармашылық дағдыларын дамыту ойыны: «Қыс қызығы» Мақсаты: Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен торсықты қиюға, өз бетінше жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. Жапсыру	композицияларды салу кезінде әрбір затқа қызығушылықты дамыту. Сурет салу Үстел үсті ойындары: Суретті кітапшаны бояу. Мозайканы құрастыру. Жаңылтпаштар айту, тілдерін жаттықтыру. Сөйлеуді дамыту
Серуенге дайындық	«Ұқыпты тамақтану» (сурет бойынша әңгіме)	Ас туралы мақал мәтел «Нан тамақтың атасы, Ынтымақ көптің бата сы»	Тыйым сөз «Дәнді шашпа, Нанды баспа»	Ойын жаттығу: Асықпай іш тамақты Жалама ыдыс аяқты	Дастархан басында өзін өзі ұстауы (шағын әңгіме)
Серуен	Картотека № 12	Картотека № 4	Картотека № 8	Картотека № 7	Картотека № 9
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау	Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, қиюін үйрету.	Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру.	Тіл ұстарту жаттығулары санамақтар қайталау т.б.
Түскі ас	Тазалықты сүйеміз*** Күнде ертемен тұрамыз Беті-қолды жуамыз Тап-таза боп жүреміз Тазалықты сүйеміз	Су*** Су - тіршілік, су - байлық, Бекер төгіп – шашпаймыз. Сусыз өмір болмасын,	«Кім боламын?» *** Мақсаты: Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыстыру.(Мектепке	"Мөлдір су"*** Мөлдір су, мөлдір су! Сен менің бетім жу. Отты көзім ойнасын, Екі бетім жайнасын.	«Тәтті алма?» *** ертегісін оқу. (Мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы

	(Б.М.Жұмабекова) (Мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы нұсқаулығы, 253-бет) Мақсаты: Анық сөйлей білуді дамыту.	Үйренгенбіз жастай біз. Суды үнемдей білеміз, Текке ағызбай жүреміз. Табиғаттың сыйы бұл, Басымызды иеміз. Қ.Әбілдақызы (Мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы нұсқаулығы, 131бет) Мақсаты: Қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту	дейінгі тәрбие және оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы нұсқаулығы, 128-бет) Мақсаты: Анық сөйлеуге мәнелеп айтуға үйрету	Күлкі кетпей ернімнен, Тісім тастан таймасын. Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев Мақсаты: Етістіктің болымсыз түрін қолдануға үйрету.	нұсқаулығы, 174-бет) Мақсаты: Ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтып беруге үйрету.
Түскі ұйқы	Қаз-қаз бас Қаз-қаз, балам, қаз балам!**** Қадам бассан, мәз болам! Күрмеу үшін шешейін, Тұсауыңды кесейін! Қаз-қаз, балам, қаз балам! Тақымыңды жаз, балам. Қадамыңа қарайық, Басқаныңды санайық! Қаз-қаз, балам, қаз балам! (Мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы нұсқаулығы, 139 бет) Мақсаты: Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдау	«Бесік жыры»**** Әлди әлди шырағым, Көлге біткен құрағым Жапанға біткен тірегім Жаман күнде керегім! Мақсаты: Жатын бөлмеде ән айтып қос аяқпен секіріп кіру.	«Наурыз»**** Қарды ерітіп жылғасы, Наурыз келді – жыл басы. Шуақ төкті жарық күн, Мейрамында халықтың. Бата беріп атамыз, Бата беріп апамыз, Тәтті болып жасалған, Наурыз дәмін татамыз. Б.Жақып (Мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы нұсқаулығы, 157 бет) Мақсаты: Музыкалық шығарманы әуенмен тыңдау.	Көктем**** Көктем келді бүгін, Күнім төкті нұрын. Сайрап барлық құстар, Ән салуға құштар. Түрлі-түсті әйбат, Гүлдер шықты жайнап. Қызыл-жасыл аймақ, Қырға шықтық ойнап. Б.Жақып (Мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы нұсқаулығы, 157 бет) Мақсаты: Қимылдарды музыкамен сәйкестендіре қимылдар жасауға үйрету.	Бозторғай әні **** Тау мен дала, қырқаны Күн аймалап тұр тағы. Көкте қалқып бозторғай, Құбылтып ән шырқады. Мың құбылды қырдағы Әннің әсем ырғағы – Күміс қанат бозторғай Күнді мақтап жырлады. Әнші аспанда қалқып тұр, Әуеледі шалқып жыр. Жусанды кең даланың Жұпар иісі аңқып тұр. (Мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы нұсқаулығы, 164бет) Мақсаты: Музыка сипатын жеткізе білуге үйрету.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру	Ойын «Жаз бен күз» оң жаққа қарап жатып күз дегенде тіземізді құшақтап	Майтабанның алдын алу. (2 минут) Жалаңаяқ бір бірінің	Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар. (2 минут)	Салқын сумен қолымызды бетімізді	Майтабанның алдын алу. (2 минут) Мысық сияқты аяқтың

шаралары	алу, күзде суық тонамыз , жаз дегенде керілеміз (3- 4 рет)	артынан жүру, аяқтың ұшымен жүру, өкшемен жүру, табанның ішкі жағымен жүру, сыртымен жүру. Арнайы жолдармен жүру.Орындықта отырып аяғымызды оңға солға тербету. (3- 4 рет)	Қолымызды жоғары көтеріп оңға қарай , солға қарай жоғары созыламыз еденге тигіземіз (3- 4 рет)	жуамыз. Демалу жаттығулары Жіпке байланған күзгі жапырақтарды үрлеу (4-5 рет)	ұшымен шеңбермен жүру, екі аяқпен секіру ,жүру орнымызға қарай жүгіру.Орындықта отырып оң аяғын сол аяғына қойып табандағы нүктелерге массаж жасау, аяқтарын ауыстыры табандағы нүктелерге массаж жасау, (3- 4 рет)
Бесін ас	« Ас ішу тәртібі » (әңгіме) Ас ішу кезінде сылпылдатпай, тәртіппен тамақтану, қасықты оң қолда ұстау, түзу отыру, тазалық сақтау рәсімдері орындалады.	« Ас атасы - нан » (тақпақ) Нандай жоқ қой асыл дәм Жеп үйренген жасыңнан Дастарқаннан нан кетсе Береке кетер асыңнан	« Таза қолдар » (ойын жаттығу) Алға жайып тұз дәмін Келтіреді үй сәнін Ол халқымның ақ жаны Жақсы дәстүр маржаны Кең пейілде арайлы Осы жерден тарайды. Бұл не? (дастархан)	« Дастархан басындағы дәстүрлер »(әңгіме) Әр түрлі тамақта адам денесіне қажетті дәрумендер болады. Сондықтан тамақты талғаммен ішу керек.	« Ас адамның арқауы » (сұхбат) Ас ішу кезінде сылпылдатпай, тәртіппен тамақтану, қасықты оң қолда ұстау, түзу отыру, тазалық сақтау рәсімдері орындалады.
Балалардың дербес әрекеті(аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқалар	Шығармашылық дағдыларын дамыту ойыны. «Мысық». Мақсаты: Ермексаздан мүсіндеу кезінде қысу, тарту, басу әдістерін қолдануға үйрету. Мүсіндеу Зерттеу іс-әрекетін дамыту ойыны: «Қар» Мақсаты: Қағаздан шиыршықтап, көлемдегі пішіндерге айналдырып, қарды құрастыруға үйрету. Құрастыру	Шығармашылық дағдыларын дамыту ойын: Түрлі-түсті шарлар» Мақсаты: Балалардың бояулармен, қылқаламмен сурет салу техникасын жетілдіру. Сурет салу Зерттеу іс-әрекетін дамыту ойыны: «Машина» Мақсаты: «Лего» конструкторлардан машина құрастыруға үйрету. Құрастыру	Шығармашылық дағдыларын дамыту ойыны: «Әдемі шыршаға арналған ойыншықтар». Мақсаты: Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыландыру Жапсыру Шығармашылық дағдыларын дамыту ойыны: «Сиқырлы қыс». Мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Заттарды бояуда сызбалардан шықпай бояуды	Зерттеу іс-әрекетін дамыту ойыны: «Ағаштар» Мақсаты: Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру . Құрастыру Д\О: «Ертегілер айталық» Мақсаты: Балалардың өз қалауларымен ертегілер айтуы ,ой-қиялдарын дамыту,қызығушылықтарын арттыру.Ертегілердің	Танымдық ойын: «Ұшақ» Мақсаты: Балаларға конструктордан ұшақ бейнесін құрастыруға үйрету Құрастыру Шығармашылық дағдыларын дамыту ойыны: «Пирамида » Мақсаты: Ермексаздан пирамида бейнесін мүсіндеу. Дайын үшбұрыш пішінді пайдалану. Мүсіндеу

			үйрету. Сурет салу»	қызықты үзінділерін қайталап айтуға үйрету. Сөйлеуді дамыту	
Балалармен жеке жұмыс	Физикалық қасиеттерді дамыту Спорттық ойындардың ережелерін сақтауға үйрету	Коммуникативтік дағдыларды дамыту. Бейнелеген суреттер мен заттар (бұйымдар) бойынша әңгімелер құрастырады:	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту Екі затты ұзындығын, енін және биіктігін, жуандығын бойынша салыстыруды үйрету:	Балалардың шығармашылық дағдыларын, зертеу іс-әре бейнелейтін заттарды көріп, қолмен ұстап зерттеуге дағдыландыру.	Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру Жолда жүру ережелерін, қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениетін сақтау ережелерін үйрету.
Серуенге дайындық	Ауа райы туралы сөйлесу.	«Тату болып ойнаңдар» (достық қарым-қатынас)	«Серуен кезінде» (тазалық туралы әңгіме)	Жыл мезгіліне сай киімдер кию туралы	Серуенге шығар кезінде шағын әңгіме жүргізу
Серуен	Картотека № <i>12</i>	Картотека № <i>4</i>	Картотека № <i>8</i>	Картотека № <i>7</i>	Картотека № <i>9</i>
Серуеннен оралу	Балалар серуеннен кейін қолдарын жуғызу арқылы тазалықты игерді.	күнделікті шынықтыру суды ағызып, қолын шынтаққа дейін жууды балалар игерді.	Балалар киімдерінің түймелерін ағытып шешінуді игерді.	жуыну кезінде: қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу)	Балалар өз киімдерін танып шкафтарына салуды игерді.
Балалардың үйге қайтуы	Ата- анаға кеңес: Балаларды еңбекке баулу: ойыншық жинау, үлкендерге көмек ету т.б.	Ата-анаға кеңес: балаларды құрдастарымен тату ойнауға баулу.	Ата-аналарға кеңес: балалармен серуен кезінде ойындарды бірге ойнауды, балаларға үнемі көңіл бөлу.	Балаларды жол ережесін сақтай білуге баулу.	Балаларға жақсы демалыс тілеу. Өлең, тақпақтарын қайталану.

Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Ақ тиін»шағын орталығы

Тобы: ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: 03.03 – 07.03.2025ж

Наурыз айы

Құндылық – Құндылық – Тәуесіздік және отаншылдық айы

Дәйек сөз: «Патриотизм - ата-ананды құрметтей білуің...»(Б.Момышұлы)

Күн тәртібі.	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
---------------------	-----------------	-----------------	-----------------	-----------------	-------------

	03.03.2025	04.03.2025	05.03.2025	06.03. 2025	07.03.2025
Балаларды қабылдау	Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу.	«Адал достар» Мақсаты: ұжымда достық қарым-қатынасты қалыптастыру.	Сиқырлы сөздермен қарсы алу (көйлегің қандай әдемі т.б)	Паровоз» Мақсаты: ұжымда үйлесімділікті, бірлікті қалыптастыру.	Әсем әуенмен қарсы алу
Ата-аналармен немесе баланың заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	«Балалармен демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.	Ата-аналарға кеңес. "Қыңырлықты шешу жолдары".	«Бала тілін дамыту».	«Бала бөлмесіне арналған гүлдер» тақырыбында ата-аналарға арналған кеңес.	Кеңес. "Саусақ жаттығулары". Қолдың ұсақ моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б әрекеттер)	Сурет салудан ойын-жаттығу "Торғай ұшып келеді". Мақсат-міндеттер: балаларды ұшып жүрген құстардың бейнелерін салу техникасына үйрету; (Шығармашылық дағдылар бойынша дамытушы-зеттеу ортамен жұмыс)	Саусақ жаттығулары Көтеріліп шаңырақ, Уықтары шаншылар. Керегелер керіліп, Өрімдей боп өрілер. Бәріміз жүрсек айналып Киіз үй боп көрінер. Мақсаты: Сөздерді дұрыс айтуға үйрету. Сөйлеуді дамыту	Бейнелеу іс- әрекеті: Д/О. "Ғажайып нүктелер". арқылы гүлдің суретін салады. Нүктелерді қосып, гүлдің суретін шығарады.	Үстел ойыны "Суретті жина". Мақсат-міндеттер: балаларды бөлшектерден тұтас жинауға үйрету. Құралдары: төрт-алты бөлікке бөлінген суреттер. (танымдық дағдылар бойынша дамытушы-зеттеу ортамен жұмыс)	"Таза бұлақ". Мақсат-міндеттер: балаларды "Таза бұлақ" әңгімесінің мазмұнымен таныстыра отырып, шешендік сөз өнеріне баулуға үйрету. Көркем әдебиет
Ертеңгілік жаттығу	Ертеңгілік жаттығу № 13** Ұйқымызды ашайық, Тұра ғой сен балақай. Жаттығуды бастайық, Сергітіп бір денені. Оңға-солға мойынды, Бұрайықшы біз былай. (Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы нұсқаулығы, 94-бет.) 1. Б.қ. 1-3-екі қолды екі жаққа жоғары көтеріп, аусақтарын айналдыру; 4- б.қ. 4-5 рет қайталау 2. Б.қ.;екі аяқтың арасын ашу, екі қол белде. 1-3-оңға оқыс бұрылу- кідіру. Осы сияқты келесі жаққа. Аяқты орнынан қозғамау, басты бұрылған жаққа бұру 5-6 рет қайталау. 3. Б.қ.; 1-отыру; қолды еденге таяну; 2- аяқтарды артқа созу; 3- таянып отырып итеріну; 4-б.қ. 5-6 рет қайталау. 4. Б.қ.; артқа таянып отыру. 1- екі түзу аяқты жоғары көтеру; 2- тізе бұгу; 3- қайта созу; 4-б.қ. 5-6 рет қайталау.				

	5. Б.қ.; артқа таянып отыру. 1- екі түзу аяқты жоғары көтеру; 2 – тізе бүгу; 3 – қайта созу; 4 – б.қ. 5 – 6 рет қайталау. 6. Б.қ: ішпен жату, екі қол еденде, иекті қолмен таяну. 1 – 2 – түзу аяқтарды жоғары көтеру; 3 – 4 – б.қ. жаттығуды орындағанда аяқты бүкпеу керек. 5 – 6 рет қайталау. 7. Қос аяқпен секіру, аяқты аяқастыру. Қолдардың қалпы әртүрлі болуы мүмкін: белде, төменде немесе әрбір секірген сайын қолы екі жаққа екі жаққа төменге қозғау.				
Таңғы ас	Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру** Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау,ас құралдарын, майлықтарды дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	«Көктем» Тақпақ жаттату Көктем, көктемде, Құстар келіп жеткенде Біз қуанып қаламыз Әнмен қарсы аламыз. Мақсаты: Дикция бойынша сөздерді дұрыс айтуға үйрету. Сөйлеуді дамыту	Т/О: «Суреттегі пішінді тап» Мақсаты: геометриялық пішіндерді салыстыруға және аттарын дұрыс атауға үйрету. Математика негіздері	«Табиғат» Мақсаты: Балалар суретке қарап зат есімдерді жекеше және көпше түрде байланыстыру. Сөйлеуді дамыту.	«Көктемді не үшін жақсы көрем?» Мақсаты: Суретпен жұмыстану арқылы көктем мезгіліндегі құбылыстарды талқылау. Сөйлеуді дамыту.	Көктемнің алғашқы гүлдері. Мақсаты: Суретті өз бетінше қарап әңгіме құрастыру. Сөйлеуді дамыту.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Музыка Шығармашылық дағдыларды дамыту ойыны: «Киіз үй» Мақсаты: Қазақ халқының сәндік қолтанбалы өнерімен таныстырып, киіз үйді жапсыра білуге баулу. Жаңылтпаш жаттатқызу, мазмұнын түсіндіру. Көк көкек Көктектеп Көктен келді Көкек кеп Көктеп көк Көктем келді. Мақсаты: Жаңылтпаш өнеріне баулу Жапсыру.	Дене тәрбиесі 1.Жалпы дамытушы жаттығулар Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу Кеудеге арналған жаттығулар: Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру Аяққа арналған жаттығулар: Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың	Қазақ тілі Жұмбақ Жалт-жұлт етеді Жылғарыдан су ақты (Су) Мақсаты: Жұмбақтардың шешімін табу білуге үйрету. Көркем әдебиет. «Қызғалдақ гүлі» көрнекілікке сүйіне отырып ойдан құрастыруға баулу. Құрастыру Бейнелеу әрекеті: «Бәйшешек»	Дене шынықтыру 1.Жалпы дамытушы жаттығулар Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу Кеудеге арналған жаттығулар: Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру	Музыка «Шығармашылық дағдыларын дамыту ойыны Қызғалдақ гүлі» Мақсаты: Дөңгелек, сопақ, пішіндегі элементтерін орналасу , олардың арасындағы қашықтықты сақтауға үйрету. Сурет салу Қазақтың ұлттық бас киімі. «Тақия» Мақсаты: Ұлттық ою-өрнекті қолданып, бас киімді безендіруге үйрету Жапсыру

	Д/о: «Қайда екенін тап» Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға үйрету. Математика негіздері Үстел үсті ойыны: «Қызғалдақ» Мақсаты: «оригами» үлгісі бойынша құрастыруға мүмкіндік беру. Құрастыру	астынан затты бір қолдан екінші қолға беру 2.Негізгі қимылдар Жүру қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру. Тепе-теңдікті сақтау қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап жүру. Қимылды ойын: «Қояндар мен қасқыр» Мақсаты: ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу Жыл мезгілдеріне байланысты жұмбақтарды жасыру: Күн ұзарып қар еріп, Су сайларға толады, Бұл қай кезде болады?(Көктем) т.б Мақсаты:Жұмбақтарды шешуге үйрету. Көркем әдебиет Шығармашылық дағдыны дамыту ойын: «Бұлт» Мақсаты: Шығармашылық қиялды дамыту арқылы пішіндерден бұлтты ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Құрастыру. «Табакты әшекелейміз» Мақсаты:Ыдысты безендіру дағдыларын дамыту. Жапсыру Шығармашылық тапсырма: «Тамшылар»	Мақсаты: Салбалшықтан кесектерінің әртүрлі тәсілдерді қолдану арқылы қысу , тарту әдісі мүсіндеу. Мүсіндеу «Күннің мол шуағы» Мақсаты: Дөңгелек, сопақша, үшбұрыш пішіндерді қолданып күннің суретін салу. Сурет салу	Аяққа арналған жаттығулар: Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру 2.Негізгі қимылдар Жүру қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру. Тепе-теңдікті сақтау қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап жүру. Қимылды ойын: «Қояндар мен қасқыр» Мақсаты: ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу «Көктем» Көктем күні күркіреп, Жаңбыр жауды сіркіреп. Көктем күні күркіреп, Шыға келді қыр түлеп. Мақсаты.Балаларды сөз өнеріне баулу Көркем әдебиет Д.О.: «Дұрыс ата» Мақсаты: Балаларға жиын, оның әр түрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұртындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды	«Апта күндері» Сәл демалып, тыным ал. Тақпақ тыңдап, ұғып ал. Апта деген ағайдың Жеті бірдей ұлы бар: Біріншісі – Дүйсенбі, Екіншісі – Сейсенбі, Үшіншісі – Сәрсенбі, Төртіншісі – Бейсенбі, Жұма деген – Бесінші ұл, Алтыншы ұл – Сенбі, Жетіншісі – Жексенбі. Мақсаты: Балаларға санау дағдыларын дамыту Математика негіздері
--	---	--	--	--	---

		Мақсаты: Ермексаздан тарты әдісі арқылы тамшыларды мүсіндеуге үйрету. Мүсіндеу		санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анық тай білу. Математика негіздері «Бүршік» Мақсаты:қазақ элементтерін қолданып сурет салу. Сурет салу Бейнелеу әрекеті: «Торғай» Мақсаты: Пішіндердің көмегімен композицияларды құрастыру дағдыларын қалыптастыру.. Жапсыру	
Серуенге дайындық	Серуенге дайындық кезінде киімдерін дұрыс кие білуге үйрету	Аяқ киімдерін дұрыс кие білуге үйрету	Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету	Киімдеріне ұқыптылықпен карауға тәрбиелеу	Киімдерін мұқият , тиянақты кие білуге дағдыландыру.
Серуен	Картотека № <i>1</i>	Картотека № <i>3</i>	Картотека № <i>11</i>	Картотека № <i>10</i>	Картотека № <i>5</i>
Серуеннен оралу	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдылары: өз бетінше киінумен шешінуді,киімдерді жинау,ілу ересектің көмегімен оларды тазалау,құрғату				
Түскі ас	Даналық әліппесі*** Бастарына бақ берсін Не берсе де нақ берсін Қырда жүрген қызырлар Үйлеріне ап келсін! Әумин! Мақсаты: Өз бетінше ретімен қайталап айтуға үйрету.	Қасықтарымыз біздің,*** Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас! Мақсаты.түскі ас кезінде қолданылатын ыдыстар	Жұмбақ*** Күрен қызыл түсі бар, Тағамдардың асылы Қуат берер күші бар. Мақсаты: Жұмбақтарды шешуге баулу.	Нан қосып же тоясың, Тәбетің де оянсын. Тойып алған балақай, Асыр салып ойнасын*** Мақсаты: Өз бетінше ретімен қайталап айтуға үйрету.	Ірімшік*** Атамның да тісі жоқ, Апамның да тісі жоқ. Тәтті ірімшік жинаймын, Екеуіне сыйлаймын. Мақсаты: өзінің

		туралы жайылма сөйлем құрастыруға үйрету			тәжіребесіне сүйіне отырып ірімшіктің қайда алатынын және пайдасы туралы әңгіме құрастыруға баулу..
Күндізгі ұйқы	«Бесік жыры»**** С.Жиенбаев. (Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы нұсқаулығы, 135-бет.) Мақсаты: Өз бетінше ретімен қайталап айтуға үйрету.	«Балапаным» **** Мақсаты: Төменгі дыбыстарды ажырату	«Қуыр-қуыр-қуырмаш» **** Мақсаты:Жоғары дыбыстарды ажырату.	«Ана мен бала» **** Мақсаты:Музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету.	«Әлди, әлди, бөпем-ай»**** Б.Аманжол, Г.Аманжол. Мақсаты: Музиканың өз бетінше айтуға үйрету.
Біртіндеп ұйқыдан ояту сауықтыру шаралары	Жалпы жетілдіру жаттығуы: 1. Балалар төсекте жатып, бастарын оңға, солға бұрады. 2. Балалар төсекте жатып, қолды екі жаққа созу, жұдырықтап жұму. 3. Балалар төсекте жатып, велосипед тебу. 4. Қолтырауын болып, бір қырынан төсек үстінде аяқ - қолды созу. 5. Балалар төсекте отырып, бір - біріне қарап сәлемдесу.	Тыныс алу жаттығуы: Ку - ка - ру, ку - ка - ри – ку, ку - ка - ри - ку. Табанды шынықтыру массаждары:	1.«Балапандар серуенге шықты» шиқ - шиқ - шиқ. 2. Табанға арналған денсаулық кілемшелерімен жүру. 3. Ілгекті жолмен жүру. 4. Тастардың үстерімен жүру. 5. Кірпі тікенектеріне ұқсас төсеніштермен жүру. 6. Табандар арқылы жүру.	Төсекте жатып жасайтын жаттығулар (2-3 минут) Созылу. Б.қ. арқада жатып қолымызды денеміздің бойымен қойып иегімізді кеудемізге тигіземіз , аяқтың ұшын өзімізге қарай тартамыз (2- 4 рет)	Жалпы жетілдіру жаттығуы: 1. Балалар төсекте жатып, бастарын оңға, солға бұрады. 2. Балалар төсекте жатып, қолды екі жаққа созу, жұдырықтап жұму. 3. Балалар төсекте жатып, велосипед тебу. 4. Қолтырауын болып, бір қырынан төсек үстінде аяқ - қолды созу. 5. Балалар төсекте отырып, бір - біріне қарап сәлемдесу.
Бесін ас	Бесін астың мәзірімен таныстыру.	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Тамақтанып болғанан кейін ауызды шаю.	Дастархан мәдениетін сақтауға үйрету	Тамақ ішкенде сөйлемеуге, дастархан мәдениетін сақтауға үйрету	Балаларды ас мәзірімен таныстыру.

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындар, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б әрекеттер)	Зерттеу іс-әрекетін дамыту ойыны: «Күн» Мақсаты: Ермексаздың көмегімен дөңгелек, үшбұрыш пішіндерін пайдаланып мүсіндеуге үйрету. Мүсіндеу «Алғашқы гүлдер» Мақсаты: Дөңгелек, сопақша, үшбұрыш пішіндерді қолданып гүлдердің суретін салу. Сурет салу.	Шығармашылық ойын. «Алаша» Мақсаты: Қоныр, қызғылт, ашық жасыл реңктермен таныстыру, ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру Сурет салу	Д/о: «Суреттерді орналастыр» Мақсаты: Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтауға үйрету. Математика негіздері Шығармашылық дағдыны дамыту ойыны. «Бүршік жарған ағаш» Мақсаты: ағаштың бейнесін қағаздан қиып жапсыру. Жапсыру	«Орақ» Мақсаты. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру. Мүсіндеу «Көбелек» Мақсаты. Оригами үлгісі бойынша қағаздан көбелек құрастыру. Құрастыру.	«Текемет» Мақсаты: шығармашылық қиял қабілетті дамыту. Құрастыру.
Балалармен жеке жұмыс	Коммуникативтік дағдыларды дамыту. Бейнелеген суреттер мен заттар (бұйымдар) бойынша әңгімелер құрастырады:	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту Екі затты ұзындығын, енін және биіктігін, жуандығын бойынша салыстыруды үйрету:	Балалардың шығармашылық дағдыларын, зертеу іс-әре бейнелейтін заттарды көріп, қолмен ұстап зерттеуге дағдыландыру.	Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру Жолда жүру ережелерін, қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениетін сақтау ережелерін үйрету.	Физикалық қасиеттерді дамыту Жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүруді үйрету
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары: «Кішкентай көмекшілер» Мақсаты: Ересектің көмегімен киімдерді тазалау, құрғатуға үйрету.	Аулада үлкендерге көмек беру. Еңбектің маңыздылығын білу	Дербес қимыл белсенділігі. «Құлыншақтар». Қимылды ойындарға қатысуға тарту.	Ауладағы ағаштарға бақылау жасау . Барлық ағаштардың бұтақтарында бүршік бар және олар әр түрлі екендігіне назар аудару.	Дербес ойындар Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу.
Серуен	Картотека № 1	Картотека № 3	Картотека № 11	Картотека № 10	Картотека № 5

Серуеннен оралу	Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету.	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру.	Ұқыптылық туралы айтып, оларды өз киімдеріне ұқыптылықпен қарауға үйрету.	Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау	Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету.
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналармен балалардың жағдайы, көңіл күйі туралы әңгімелесу	Ата-аналарға кеңес: «Балаңыз тұйық болса?»	Балаларға қалың пижама керек екенін ескерту.	Балалардың тазалығы туралы ескерту.	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу.

Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Ақ тиін»шағын орталығы
Тобы: ортаңғы тобы
Балалардың жасы: 3жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: 10.03 – 14.03.2025ж
 Наурыз айы
 Құндылық – Құндылық – Тәуесіздік және отаншылдық айы
Дәйек сөз: «Тәуелсіздік - тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік»

Күн тәртібі.	Дүйсенбі 10.03. 2025ж	Сейсенбі 11.03. 2025ж	Сәрсенбі 12.03. 2025ж	Бейсенбі 13.03. 2025ж	Жұма 14.03. 2025ж
Балаларды қабылдау		Көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу	Саусақ театрының кейіпкерлері арқылы қарсы алу	Смайлик арқылы қарсы алу	Достық тілегімен қарсы алу
Ата-аналармен немесе баланың заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу		Әңгімелесу: «Менің елімнің салт- дәстүрі»	Ата-аналарға кеңес. «Балаларға жолда жүру ережесі туралы түсіндірудің маңызы».	Жоба "Әсем гүлдер" әңгімелесу.	Ата-аналарға кеңес. "Ұйқының жетіспеушілігі неге әкеледі?"
Балалардың дербес әрекеті		Дидактикалық ойыны. "Өрнек құрастыр"	Саусақ жаттығуы Санайық жаңаша	Сюжетті-рөлдік ойыны."Қонақтарды	Кітаптар қарау: Топтағы кітаптар

(аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б. әрекеттер)		Мақсат-міндеттер: эстетикалық талғамдарын, қағаз бетінде бағдарлауын дамыту. Жапсыру (Шығармашылық дағдылар бойынша дамытушы-зеттеу ортамен жұмыс)	Бір, екі, үш! Желбіре жалауша, Достықта біздің күш. Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ. Оларды атап шақырар, Әрқайсысының аты бар. Бас бармақ, Балаң үйрек, Ортан терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек. (Танымдық дағдылар бойынша дамытушы-зеттеу ортамен жұмыс)	қарсы алу" Мақсат-міндеттер: қонақтарды қарсы алу туралы білімдерін жетілдіру. Балалардың рөл таңдаудағы талпыныстарын құптау, ойын ортасын жетіспейтін заттармен, ойыншықтармен толықтыру. (Коммуникативті дағдылар бойынша дамытушы-зеттеу ортамен жұмыс)	жиынтығына барып кітаптарды қарап «Күн астындағы Күнекей қыз» ертегісін оқып беру. (Коммуникативті дағдылар бойынша дамытушы-зеттеу ортамен жұмыс)
Ертеңгілік жаттығу	Ертеңгілік жаттығу № 13** Жаттығудан тұр үміт, Жақсылыққа білініп Жаттығумен өсеміз Жаттығумен шынығып. 1. Б.қ. 1-3-екі қолды екі жаққа жоғары көтеріп, аусақтарын айналдыру; 4- б.қ. 4-5 рет қайталау 2. Б.қ.; екі аяқтың арасын ашу, екі қол белде. 1-3-оңға оқыс бұрылу- кідіру. Осы сияқты келесі жаққа. Аяқты орнынан қозғамау, басты бұрылған жаққа бұру 5-6 рет қайталау. 3. Б.қ.; 1-отыру; қолды еденге таяну; 2- аяқтарды артқа созу; 3- таянып отырып итеріну; 4-б.қ. 5-6 рет қайталау. 4. Б.қ.; артқа таянып отыру. 1- екі түзу аяқты жоғары көтеру; 2- тізе бүгу; 3- қайта созу; 4-б.қ. 5-6 рет қайталау. 5. Б.қ.; артқа таянып отыру. 1- екі түзу аяқты жоғары көтеру; 2 – тізе бүгу; 3 – қайта созу; 4 – б.қ. 5 – 6 рет қайталау. 6. Б.қ: ішпен жату, екі қол еденде, иекті қолмен таяну. 1 – 2 – түзу аяқтарды жоғары көтеру; 3 – 4 – б.қ. жаттығуды орындағанда аяқты бүкпеу керек. 5 – 6 рет қайталау. 7. Қос аяқпен секіру, аяқты айқастыру. Қолдардың қалпы әртүрлі болуы мүмкін: белде, төменде немесе әрбір секірген сайын қолы екі жаққа екі жаққа төменге қозғау.				
Таңғы ас	Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру** Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, ас құралдарын, майлықтарды дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.				
Ұйымдастырылған оқу		«Менің елімнің салт дәстүрі» Мақсаты: Балаларды қазақ	«Қазақтың салт-дәстүрі»	Д.о:«Қонақжайлылық дәстүрі »	«Ұлттық ыдыс аяқ түрлері»

қызметіне дайындық		халқының салт-дәстүрімен таныстыру, дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу. Сөйлеуді дамыту	Мақсаты: Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен, құндылықтарын таныстырып, сөздер мен сөз тіркестерің дұрыс айтуға баулу. Сөйлеуді дамыту	Мақсаты: Балаларды қазақ халқының қонақ жайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға», ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу. Сөйлеуді дамыту	Мақсаты: Қазақ халқының ұлттық ыдыс аяқ түрлерімен таныстыру. Қоршаған ортамен танысу
